

Философия познания Канта, выявившая структуры природы и ограничения человеческого сознания, заложила фундамент трансцендентализма. Позднейшие мыслители, включая Эмерсона и Торо, подчёркивали духовное и моральное значение природы, её роль в самореализации личности. Феноменологические исследования Гуссерля и Мерло-Понти придали трансцендентализму новую глубину, показав тесную связь сознания с природой и миром.

Философия Мерло-Понти демонстрирует эволюцию трансцендентализма в современность, предлагая переосмысление диалектического взаимодействия сознания и природы. Таким образом, трансцендентализм предстаёт не просто философским движением, а масштабной теоретической концепцией, пересматривающей взаимодействие человека и природы, моральную ответственность и восприятие мира.

В итоге философия трансцендентализма, акцентируя внимание на связи человека и мира, остаётся важным философским ориентиром, помогающим находить ответы на современные вопросы этики, экологии и природы человеческого сознания.

Список использованной литературы:

1. Кант И. Критика чистого разума. – М.: Мысль, 1994. – 456 с.
2. Гуссерль Э. Логические исследования. – М.: Наука, 2001. – 523 с.
3. Гуссерль Э. Идеи к чистой феноменологии. – М.: Мысль, 1997. – 678 с.
4. Мерло-Понти М. Феноменология восприятия. – М.: РГГУ, 1999. – 345 с.
5. Мерло-Понти М. Семиотика. – М.: Канон+, 2002. – 264 с.
6. Папин А. В. Трансцендентализм и феноменология: философские параллели и различия. – СПб.: Изд-во СПбГУ, 2008. – 229 с.
7. Ясперс К. Философия. – М.: АСТ, 2009. – 480 с.
8. Хайдеггер М. Бытие и время. – М.: Республика, 2004. – 568 с.
9. Флоридо Х. Введение в философию информации. – М.: АСТ, 2010. – 408 с.
10. Тукай Р. Трансцендентализм: философские истоки и развитие. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 250 с.
11. Әлиев Б. Ғылыми танымдағы трансцендентализм. – Астана: Фолиант, 2012. – 189 с.
12. Қарабаев М. Трансцендентализм және оның қазіргі заман философиясындағы ролі. – Алматы: Мектеп, 2017. – 310 с.
13. Нұртазина С. Трансцендентализм және феноменологияның қазіргі заман философиясындағы орны. – Алматы: Қазақстан, 2016. – 220 с.

ӘОЖ 141.2:17.023.34

ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЕРІКТІЛІК МӘСЕЛЕСІ: КОНФУЦИАНДЫҚ НЕГІЗІНДЕ

Ахметова Индира Абдигазымовна

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің «8D02201 - Философия» білім беру бағдарламасының PhD докторанты, Қарағанды, Қазақстан

Қытай философиясы мен мәдениетінің даму көкжиегі Конфуций мен Лао-цзы ілімдерінен бастау алып дамығаны баршамызға мәлім. Конфуций этикалық-әлеуметтік және саяси көзқарастары арқылы Қытай философиясының негізін қалады. Оның ілімінде ізгілік пен жақсылық басты құндылықтар ретінде көрінеді. Конфуцийдің «басқаларға көмек пен қамқорлық» идеясы Қытай мәдениетінде ерекше орын алды, бұл ұғым еріктілік ұстанымымен тығыз байланысты. Ұлы ұстаздың «Даналық сабақтары» мен шәкірттері құрастырған «Лунь Юй» еңбектерінде еріктілік жақсылық пен қайырымдылық тұрғысынан қарастырылып, адамзаттың рухани жетілуіне жол көрсетеді. Конфуций бойынша, рәсімдерді орындау мен адамгершілік нормаларын сақтау – ізгілікке жетудің маңызды қадамы.

Даосизм, Лао-цзының «Дао дэ цзин» еңбегінен бастау алған философия, табиғат заңдылықтарына сәйкес өмір сүру мен үйлесімге ұмтылуды ұсынады. Даосизм филантропиясы мен табиғи мейірімділік түсінігі еріктілікті табиғи әрекет ретінде қабылдайды, бұл жерде басты идея – сыртқы мәжбүрлеусіз, шынайы ниетпен көмек көрсету. Лао-цзының пайымдауынша, ең ізгі әрекеттер – табиғи ағысқа сәйкес жасалатын әрекеттер.

Еріктілік ұғымын зерттеу барысында батыстық талдаулардың басымдылығы айқын байқалады, ал қытай философиялық еңбектеріндегі тұжырымдар жеткілікті дәрежеде қамтылмай отыр. Дегенмен де, қытай қоғамындағы еріктілік іс жүзінде бірнеше мың жылдық тарихы бар берік мәдени негізге ие болып табылады. Сондықтан да, Қытай мәдениетіндегі еріктілік кезеңдерін үш кезеңге бөліп қарастыруға болады:

Конфуций қайырымдылығы – адамгершілік құндылықтар арқылы қоғамды жақсарту идеясы;

Моистік жалпыға ортақ бауырмалдық – барлық адамдарды тең көру және бірдей қамқорлық көрсету философиясы;

Даосизм мен буддизм филантропиясы – табиғи үйлесім мен мейірімділікке негізделген қайырымдылық «Лэн Фэн рухына» дейінгі кезеңдегі негізгі идеялар [1, 674 б.].

Қазіргі заманғы қытайлық еріктілік түсініктері бірнеше философиялық мектептердің әсерінен қалыптасты. Атап айтсақ, конфуциандық, моизм, даосизм және буддизм. Алайда, қытай мәдениетіндегі еріктіліктің негізгі қайнары – Конфуцийдің ізгілікке шақыру идеясынан бастау алары сөзсіз. Конфуцийдің «ізгілік» және «рәсім» түсініктеріне берген анықтамалары еріктілікті қоғамдағы әлеуметтік үйлесімділікті сақтаудың және жеке тұлғаның рухани дамуының негізгі құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қытайда мемлекеттік басқаруды жоспарлау және қайырымдылық қызметті рәсімдермен басқаруды дәріптеуде конфуциандықтың рөлі орасан зор болды. Конфуциандық дәстүрлі басқару дегеніміз – ережелер мен рәсімдерді мүлтіксіз орындау болып табылады. Конфуций өзінің еңбектерінде басқаруды ізгіліктің, саналықтың, тәртіп пен ережелердің басты болуын сөзге тиек етеді. Конфуций айтқан ойлардың, көзқарастардың, идеялардың басқа философтардың (Сократ, Аристотель, Абай) ойларымен ұқсастық көреміз. Бұл жалпыадамзаттық құндылықтардың бірегейлігінің, ешқандай ұлттық, территориялық шекараның жоқтығын айғақтайды. Конфуций іліміндегі философиялық-этикалық көзқарастары жүйеленіп, оның қоғамдық-этикалық ойға жетелегені жаңа ілімдердің пайда болуына әсер еткендігі дәлелденді [1, 677 б.].

Конфуцийдің айтуынша, рәсім – бұл символдық ойлау формасы ғана емес, сонымен қатар ғарыш пен қоғамның иерархиялық құрылымдалуының әдісі. Бұл әдіс үйлесімділік пен тәртіпті сақтай отырып, адам мен қоғам арасындағы байланыстарды нығайтуға бағытталған. Конфуцийдің «Лунь Юй» еңбегінде рәсімдер қоғамды жетілдіру мен жеке тұлғаны ағарту жолындағы маңызды құрал ретінде қарастырылады. Ұстаздың шәкірттері құрастырған бұл кітап ұстаздың ізгілік жолындағы әрекеттері мен оның шәкірттерімен жүргізген диалогтарынан тұрады.

Рәсімдерді орындау кезінде адамның бойында құнды қасиет – адамгершілік пайда болады. Конфуцийдің пікірінше, рәсімдер – үйлесімділіктің басты көзі, ал үйлесімділік жеке тұлғаның да, бүкіл қоғамның да рухани жетілуінің негізі болып табылады.

Конфуций философиясының басты категорияларының бірі – «Джен» (қытай тілінде: «ізгілік», «адамгершілік», «қайырымдылық», «мейірімділік», немесе «махаббат»). Бұл ұғым адамзат қоғамдастығының өркендеуіне ықпал ететін мінез-құлық пен қарым-қатынастың идеалын сипаттайды. «Джен» ұғымы адамның ішкі жан-дүниесін тәрбиелеу мен өзге адамдармен қатынасындағы ізгілікті көрсетеді.

«Лунь Юй» еңбегінде Конфуцийдің шәкірті Ю ұстаздың былай деген тұжырымын келтіреді: «Рәсімнің барлық белгілерінен үйлесімділік маңызды» [2, 10 б.]. Бұл тұжырым Конфуцийдің рәсімдерді орындаудағы басты мақсаты – қоғам мен адамның ішкі үйлесімділігін қамтамасыз ету екенін айқындайды.

Конфуцийдің іліміндегі рәсімдер мен «Джен» идеяларының үйлесімділігі Қытай философиясындағы еріктілік ұғымының қалыптасуына негіз болған. Қазіргі заманғы Қытайдағы еріктілік тәжірибесі Конфуцийдің көзқарастарына сүйене отырып, қоғамдағы адамгершілік пен әлеуметтік жауапкершілікті дәріптейді. Бұл идеялар бүгінгі таңда да өзектілігін жоғалтқан жоқ және Қытай мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады.

Шәкірт Конфуцийден: «Адамгершілік деген не?» деп сұрағанда, Конфуций «Адамдарды сүйу» деп жауап береді.

Ал «Лунь Юй» жазбаларында Жоң Гоң Конфуцийден «Жэнь дегеніміз не?» деп сұрағанда, Конфуций: «Өзіңе қаламаған нәрсені өзгеге жасамау», - дейді. Сонымен қоса, «Мейірімді адам өзіне қолдауды қаласа, басқаларға қолдау көрсетеді, өзін дамытқысы келсе, басқаларды да дамытады. Өзгелерге өзіндей қарай алсаң ғана мейірімді адам боласың» деген тәмсіл айтқан [3, 68 б.]. Яғни адамгершілік құнды қасиет болса, адамды сүйу, құрмет көрсету, қайырымдылық арқылы дұрыс әрекетке бару – еріктілік қолдауы.

Конфуцийдің осы тұрғыдан алғанда, қайырымдылыққа, мейірімділікке қалай жетуге болады? Бір өзіңізге және басқаларға деген сыйластықтан басталады. Егер сіз жетістікке жеткіңіз келсе, алдымен басқаларды табысты етуіңіз керек. Жетістікке жету үшін алдымен басқалардың түсінуіне мүмкіндік бергеніңіз жөн. Жалпақ тілмен айтқанда, «өзіңе не қаласаң, өзгеге де соны қала». Бұл – Конфуций чжун немесе «өзгелерге деген адалдық» деп атаған өзінді және өзгелерді алға жылжытудың жағымды жағы. Ал мұның жағымсыз жағы – Конфуций шу немесе «альтруизм» деп атаған, «Өзіңе қаламайтын нәрсені басқаларға жасамау». Өзін-өзі құрметтеу мен адамгершіліктің осы екі аспектісінің үйлесімділігі «ізгілікке машықтандыратын адалық (чжун) пен кешірімділік (шу) жолы» деп аталады [3, 68 б.].

Конфуций үшін рәсім – адамдарды басқарудың, бағындырудың тәсілі. Бірақ бұндағы бағындыру – конформизм мен мемлекеттік құрылымға бағынудан өзгеше, бірақ бұл ғалам туралы тепе-теңдік пен тәртіпті сақтай отырып, ең әмбебап жолды ұстану тәсілі. Ұстаздың «Егер халықты заңмен басқарып, ережемен тәртіпке бағындырып, жазалап отырса, онда халық одан қорқып сақтанатын болады, бірақ ұятты білмейді. Ал халықты ізгілік арқылы басқарса, ырым-жоралғыны қолдану арқылы бір жүйемен реттеп отырса, халық ұятты ғана емес, бағынуды да шүбәсіз білер еді» деген тұжырымы сол кезеңнің билік басындағыларға арналған ақыл-кеңесі болатын [2, 20 б.].

Ал қытайдың даосизмнің негізін қалаушы қарт ойшылы Лао-Цзы рәсім туралы «Рәсім пайда болады әділдік жоғалған кезде. Рәсім – бұл сенім мен адалдықтың жоқтығының белгісі. Рәсім – қиыншылықтың бастауы» деп тұжырымдайды. Бұл тұжырым әрине Конфуций ілімінен қарама-қарсы. Конфуций бойынша рәсім – ізгілікке бастар жол. Ізгілікті тұлға – конфуцийлік адамзатты бастаушы. Ізгіліктілік, адамдарға сүйіспеншілік пен жанашырлық таныту – бұл «өзекті» сәт. Ұстаз «Текті күйеу – ізгілікке ұмтылады...» [2, 14 б.] деп қоғамда тектілікті, ізгілікті идеал ретінде қарастырады, жақсылыққа үндейді.

Конфуций ілімін дұрыс өмір сүрудің 5 қағидасын ұсынды (сурет түрінде көрсетілген). Рәсім ең маңызды (ли) оны орындау арқылы тәртіпке бағыну, шындық пен әділеттілікке жетуде (и) шыдамдылық таныту, ізгі амалдар мен парызды орындау барысында (жень) жомарт болу, бойда жақсы ниеттің болуы (синь), дұрыс әрекеттің нәтижесі – даналыққа жеткізеді (чжи) деп тұжырымдауға болады.

Яғни бұндағы – ли, Конфуций бойынша ғұрыпты дұрыс ұстанып, оны рәсімге сай орындау басты назарда болып, жэнь – «ізгілік» қытайлардың, әсіресе конфуцийшілердің маңызды құндылығына айналды (1 сурет).



1. Дұрыс өмір сүрудің тұрақты 5 қағидасы.

Жэнь ұғымы Конфуций философиясындағы басты категориялардың бірі. Ол адамның ішкі адамгершілігі мен басқаларға деген сүйіспеншілік, мейірімділік және қамқорлық сезімін білдіреді. Жэнь адам мен қоғам арасындағы үйлесімді байланысты сақтауға бағытталған. Жэнь адамның жеке тұлғалық қасиеттерінің жоғарғы деңгейіне жетуін көрсетеді. Қазіргі зерттеушілердің пікірінше, бұл ұғым жалпы адамзаттық этиканың негізінде жатыр [4].

И ұғымы шындыққа адалдық пен әділеттілікті білдіреді. Конфуций әділеттілік пен жеке пайда арасындағы тепе-теңдікті сақтауды ұсынады. И қағидасы қазіргі заң және әлеуметтік этика салаларына негіз болады деп саналады [5].

Ли рәсімдер мен әдет-ғұрыптарды сақтау арқылы қоғамда тәртіп пен үйлесімділікке жету жолын көрсетеді. Конфуцийдің ойынша, рәсімдер тек формальдылық емес, адамның ішкі рухани дамуының бір бөлігі. Ли әлеуметтік құрылымдарды жүйелеудің негізі ретінде қарастырылады [6]. Бұл ұғым қытай мәдениетіндегі ритуалдардың әлеуметтік рөлін түсіндіреді.

Чжи – адамның ақыл-парасат пен таным қабілетін білдіретін категория. Конфуций бұл қасиетті білім мен тәжірибе арқылы дамытуды ұсынады. Чжи қазіргі заманғы когнитивтік және гуманитарлық ғылымдардың маңызды категорияларының бірі ретінде қарастырылады [7].

Синь адалдық, сенімділік және шынайылық принциптерін білдіреді. Конфуцийдің айтуынша, адамзат арасындағы байланыстардың негізі – сенім. Бұл категория қазіргі этикалық зерттеулерде сенімді қарым-қатынас құрудың негізі ретінде танылады [4].

Сонымен айта кететін бір жайт, Конфуцийдің «Дұрыс өмір сүрудің тұрақты 5 қағидасы» адамның жеке және қоғамдық өміріндегі негізгі құндылықтарды жүйелейді. Бұл қағидалар қазіргі заманғы әлеуметтік этика, философия және мәдениеттану салаларында өзектілігін жоғалтқан жоқ. Жэнь мен И сияқты категориялар жеке тұлғаның адамгершілік дамуын негіздесе, Ли мен Синь қоғамдық тәртіп пен сенімділік орнатуға бағытталған. Чжи арқылы білім мен даналықтың қоғамдағы орны айқындалады.

Көрсетілген суретте этикалық теориялар негізінде Конфуций өзінің тек саяси көзқарасын емес, ізгілік пен қайырымдылыққа, шындық пен әділеттілікке, дұрыс әрекеттерге бағыттайды. Ұлы моралист Конфуцийдің философиялық-этикалық дүниетанымы биік моральға, дұрыс әрекетке және этикалық нормаларға негіздейді. Яғни, Конфуций тұжырымында адам ізгілік пен рәсімдерді ұстану арқылы жолға шығады. Сол жолда адам өзін өзгертеді, өзін өзгерту арқылы даналықты табады, нәтижесінде жан дүниесі тазарады. Конфуций ізгілік, әдет-ғұрыптарды ұстану, филантропия, яғни тектілік өзін-өзі өзгерткен адамды ізгілендіру, заттардың әмбебап тәртібімен қайта қосылуға әкеледі деп сенді. Бір сөзбен конфуцийлік - ішке дүниеге үңілу.



2. Рәсімнің күші.

Көрсетілген 2-суретте Конфуцийдің тұлғаны қалыптастыру мен қоғамдағы үйлесімділікке жету жолындағы философиялық идеялары нақты көрсетілген. Ли (рәсімдер) мен Жэнь (ізгілік) оның этикалық және философиялық ілімінің негізгі тіректері болып табылады. Бұл түсініктер адамның өзін-өзі тәрбиелеуі мен қоғамға қызмет ету арқылы жүзеге асатын идеалға негізделген. Ұлы ойшылдың қарастырған ұғымдарының ішінде ли мен жэнь басты орында. Конфуций үшін басты мәселе де қоғамда дұрыс адамды қалыптастыру сұрағы еді. Тұлғаны қалыптастыру жолында адам өзінің бойындағы жамандықпен күресіп, жэнь-ге яғни жақсылыққа оралады. Ли – адамның басқаға және өзіне қатысты дұрыс әлеуметтік құрылымы мен мінез-құлқының жалпы сипаттамасын құрайды. Ли-ге жету арқылы тұлға «адамгершілік салтанатына» жете алады. Кун-Цзының да көздегені осы еді. Жэнь – ізгіліктің ең жоғарғы шегі альтруист болған кезде ізгі адамның жақсы қасиетін білдіреді [8, 153 б.].

Жэнь - Үш негізгі семантикалық аспектіні біріктіретін Қытай философиясы мен дәстүрлі қытай мәдениетінің негізгі категорияларының бірі. Ол моральдық-психологиялық сапа болып табылады. Жэнь - адамдарға деген сүйіспеншіліктің абсолютізімі – альтруизмнің көрінісі. Ізгіліктің, рәсімнің ізінде жүру, ата-ананы құрметтеу және филантропия – өзін өзгертудің құралы. Ойшыл бойынша бұл сапалар текті күйеудің, ізгі адамның бойында болу керек.

Ұлы ұстаз бойынша конфуцийлік ізгілік, жақсылық, рәсімдер арқылы ағартушылыққа жетелейтін күш. Ал ағартушылық - негіздердің негізі, Шығыс философиясының маңызды категориясы. Ағартушылықты әртүрлі ілімдермен, әртүрлі жолмен түсінуге және түсіндіруге болады, бірақ мәні, терең мағынасы әрқашан бірдей - дүниетанымның сапалы жаңа деңгейіне көшу, адамның, сананың шекараларын кеңейту.

Айтпақшы, Конфуций дәуірінде Қытайда «синь шу» - «жүрек техникасы» деген тіркес болған. Синь шудың иелігі адамдар арасындағы сенім, шынайылық пен мейірімділікті қамтамасыз етті.

Ақиқат, ізгілік жолындағы ұстаз Цзэн:

- Мен күніне үш рет өзіме сұрақ қоямын: адамдар үшін адал еңбек еттім бе? Достармен қарым-қатынаста шынайылық сақтадым ба? Өзіме үйреткендерді ой елегінен қайта өткіздім бе? - деп ой толғайды. Бұл тұста ұстаздың өзінің бойындағы ізгі құндылықтар мен амалдарын сараптап, күнделікті есеп жүргізгенін көре аламыз.

Конфуцийдің артынан қалған барлық өшпес мұраларының адамгершілік, ізгілік, жақсылық пен рақымшылыққа арнағанын білеміз. Ұстаздың айтып жүрген дүниелерін шәкірттері атадан балаға мәңгі қазына етіп жалғастырып келеді. Сабақтастық деп осыны айтпай, нені айтамыз? Ал қазір ұлы ұстаздың еңбектері мемлекет, ұлтқа, жікке, тілге қарамастан әлі де өзекті, қоғам үшін бағасын жоғалтпады. Қарт ұстаздың «Адамгершілік қайда болса, сонда бақыт тұрақтайды. Ақылды адам оны таңдамай қалай дәті шыдайды?» [2, 30 б.] деп сұрақ қою арқылы біздерге философиялық ой тастайды. Бақытты таңдамай, бақытсыздыққа бет алатын есуас іспеттес. Бақытты бәлкім адамдар әртүрлі түсінеді, әртүрлі игіліктен көреді. Әрбір бастамалар игілікке саятын болса, сөзсіз сол жерде бақыт бар. Бұны түсінетіндер, осы жолда еңбек ететіндер әрқашан өмірлік жеңімпаз.

Конфуцийдің «жақсылық жалғыз емес, оның әрқашан жақындары бар», «бүкіл өмір бойы басшылыққа алуға тұратын сөз бар ма?» деген сұраққа - «бар, ол сөз- мейірімділік» - деп ізгілік тұжырымындағы айтқан ойлары шүбәсіз оның осы жолдың бастамашысы екендігінің дәлілі емес пе?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметова И.А., Карипбаев Б.И. Конфуций дүниетанымындағы философиялық – этикалық мәселелер. Science and practice: implementation to modern society: VIII Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Манчестер: «InterConf», 2020. – С. 673-678 // <https://ojs.ukrlogos.in.ua/index.php/interconf/article/view/7925>
2. Конфуций. Лунь Юй. Алматы: Аударма, 2015.
3. Юляң Фың. Қытай философиясының қысқаша тарихы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 368 б.
4. Иванов А. Шығыс философиясы: тарихи контекст. Мәскеу, 2018.
5. Максвелл Д. Ежелгі Қытайдағы этикалық ілімдер. Лондон, 2009.
6. Хойт Дж. Конфуций мен Лао-цзының қазіргі Қытай мәдениетіне әсері. - Бейжің, 2020.
7. Чан В. Қытай философиясының тарихи очерктері. Алматы, 2015.
8. Akhmetova I. & etc. The foundation of volunteering is charity: a philosophical approach. Вестник Карагандинского университета.- Серия Философия. №4 (108). – 2022. – С. 152-160

УДК 1 (574)

ПРОФЕССОР АБЖАНОВ Т.И. И ДИАЛЕКТИКА

Батулин Владимир Степанович

Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А. Букетова,
доктор философских наук, профессор,
заслуженный профессор кафедры философии и теории культуры,
Караганда, Казахстан

Память о человеке имеет удивительную способность. Она в чем-то созвучна с творчеством великого древнегреческого скульптора Фидия. На вопрос о том, как он творил, не имея перед собой оригинала, он якобы, отвечал, что творил в порыве вдохновения, который возносит дух надо всем земным, в котором непосредственно виден божественный дух. И поэтому от имеющейся перед собой глыбы камня просто отсекал все то, что не соответствовало этому образу.